**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Бөбек»б/балабақшасы
**Топ** «Көгершін» тобы
**Балалардың жасы** 5жастан
**Жоспардың құрылу кезеңі** 16-20желтоқсан 2024 жыл
Тәрбиешілері: Сарниязова З.Х Тунгатарова Р.Б.

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.12.2024ж | Сейсенбі 17.12.2024ж | Сәрсенбі 18.12.2024ж | Бейсенбі 19.12.2024ж | Жұма 20.12.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | **Күй күмбірі: «Кішкентай» «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** | **Дидактикалық ойын: «Машина»**<br>Мақсаты: Айнала қоршаған ортадан көргендерін , алған әсерлерін бейнелей білуге жаттықтыру. Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Сурет салу** | Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу.<br>**Суретпен жұмыс:** «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>*(Қоршағанортамен таныстыру)* | **Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта»**<br>Мақсаты: Балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес:**<br>Қыс мезгілі болғандықтан аяздан қорғану. Жыл мезгіліне сай киіну.<br>**Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.<br>**Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.<br>**Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | | Ойын «Тізбекті жалғастыр»<br>**Міндеті:** «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалып тастыру, текшелердегі пішіндерден тізбек | **«Дөңгелек және сопақша»**<br>**Міндеті**:Геометриялық пішіндерді ажырата | **«Аңдар қысқа қалай дайындалады?»**<br>**Міндеті:** Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын | **Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | құру.<br>*(Математика негіздері, құрастыру)*<br>Табиғат күнтізбесі бойынша жұмыс **(ересек,мад топ)** | білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету.<br>Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету.<br>Логикалық ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері (ересек,мад топ)** | әңгімелеу.<br>**Қоршаған ортамен танысу (ересек,мад топ)** | **Міндеті:**<br>Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту.<br>**Қазақ тілі (ересек,мад топ)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Желтоқсан айына арналған ертеңгілік жаттығу кешен**құрсаумен<br>Н. қ. аяқты алшақ ұстау; обруч артта, аркада, 1-2 обручты артқа жоғары көтеру оң аяқты алға, аяқ ұшымен ұстау, 3-4 н. қ.<br>Н. қ- обруч оң қолда 1-2 аяқты бұғу, обручты еденге қою, оған кіру.<br>3-6. қ 5 рет қайталау.<br>Обруч еденде, аяқтың алдында обручты баса оңға және солға жүгіре айналу5- 6 рет қайталау.<br>Н. қ- обручтың үстіне отыру, аяқты бүге отыру, 1-2 аяқты алда тік ұстау н. қ.<br>Обруч қолда, төс үстінде, қолда 1-оң аяқты жоғары көтеру, обручты тізеге ілу, 2- аяқты алға ұстау, обруч баяғы қалпында 3-4 н. қ.<br>Тізенен тұру, обруч жоғарыда 1-2 еденге отыру, оң жақтан обручты иыққа қою 3-4 н. қ. 5 рет қайталау. | | | | |
| **Таңғы ас** | | Ойынның шарты: «Тамерланға дұрыс тамақтануды қалай үйретеміз». | Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар. | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»**<br>Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша | **«Ас адамның арқауы»**<br>Мақсаты:<br>Балаларға аспазшының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Сөйлеуді дамыту** | жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Ненің құйрығы?" Міндеті.** Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бір күні таңертең Дымбілмес орманға барып жануарлардың құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа. **(ересек,мад топ)** | **«Теңін тап» Міндеті:**Балалар екі бірдей заттарды таба алады. **Мүсіндеу (ересек,мад топ)** | **«Қ дыбысы» Міндеті**.:«Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталату, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Суреттегі заттардың дыбыстарын айту.Үзік сызықтарды қосуға үйрету. **Сауат ашу негіздері** **(ересек,мад топ)** | **«Қуыршаққа арналған көйлек» Міндеті:** Қуыршақтың киімдерінің түстері туралы түсінік беру. Қызыл, сары, көк, жасыл түстері туралы білімдерін кеңейту. Заттарды түстеріне қарай келтіруді үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауға, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету. **Жапсыру** **(ересек,мад топ)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **1.Көркем әдебиет «Күнді іздеген достар» (сахналау)**<br>**Міндеті**: Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулиды.<br>**Міндеті**Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br><br>**Сюжеттік ролді ойын (ересек,мад топ)**<br><br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**Дыбыстық талдау,(о) Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үй-ретуді жалғастыру.Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br>**Ойын:Буынға бөл (мад топ)**<br><br>**3. Дене шынықтыру пән жоспарымен** | **1.Матеметика негіздері.** Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.<br>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққ а тәрбиелеу.<br>**Ойын: Таразы (ересек,мад топ)**<br><br>**2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы**Дыбыстық талдау,(о) Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үй-ретуді | **1.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** «Қолғап» ертегісі<br>**Міндеті:**Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету,ертегі ке-йіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету.Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(ересек,мад топ)**<br><br>**2.Көркем әдебиет «Күнді іздеген достар» (сахналау)**<br>**Міндеті**;Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау, кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл күйлерін білдіре, сезіндіріп көрсету, рөлдерін дұрыс орын-дауын қадағалау, ертегідегікейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету, сөздерді анық, дұрыс айтуға,байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру; достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Сюжеттік ролді ойын (ересек,мад топ)** | **1.Матеметика негіздері.**<br>**Жыл мезгілдері**<br>Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.<br>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**(ересек,мад топ)**<br><br>**2.Қазақ тілі Тақырыбы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **4.Қоршаған ортамен танысу.Тақырыбы:Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?**<br>**Міндеті:**олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау<br>**Міндеті:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю,итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**(ересек,мад топ)** | жалғастыру.Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br>**Ойын:Суреттерге дыбыстық талдау жасау**<br>**(мад топ)**<br><br>**3. Дене шынықтыру пән жоспарымен**<br><br>**4.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Біз де ойнаймыз.**<br>**Міндеті:**Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту.Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Қуыршақ,машинамен ойнаймыз**<br>**(ересек,мад топ)** | **3.Матеметика негіздері. Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.**<br>**Міндеті:**ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқанемесеұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығыбойынша тең).<br>**Міндеті:**Беттестіру,тұстастыру жәнежұппенсалыстырутәсілдерінқолданаотырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3белгілері бойынша сәйкескелмейтінзатты бөліп алу.<br><br>Ойын:**Тығылғын санды тап**<br>**(ересек,мад топ)**<br><br>**4.Музыка** | «Саяхатшы» ертегісі<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту .Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(ересек,мад топ)**<br><br>**3.Қоршаған ортамен таны:Боран қай кезде соғады?** а) Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және -бірінен ажыратуға үйрету.<br>Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Құрбы-құрдастарымен және ересектерменқарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеуа) табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Құрбы- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу **(ересек,мад топ)**<br><br>**4.Музыка** |
| **Серуенге дайындық** | | Серуенге дайындық | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. |
| **Серуен** | | **№11 Суықторғайды бақылау**<br>Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Бақылау барысы Көркемсөз А. Меңдібай Қарағай мен шыршаның Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап қарасаң, Қайыңда алма өсіп тұр! Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедімАлқызыл болып көрінген, Әнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің? Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Айналаны қар басса да, Суықтан еш тоңбайды. Құс екенін бұл қандай, Қане, кім болжайды? Кеудесі қызыл әсем-ақ, | **№12 Боранды бақылау**<br>Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Жерді тырнап, бұтаны ырғап, Шөпті сипап, ұшады зырлап, Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран) Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран, Аяз кенет аптыға, Алай- | **№13 Қардағы құс іздерін бақылау**<br>Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету . Бақылау барысы Балаларға сұрақтар Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған | **№14 Жеңіл көліктерді бақылау**<br>Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Бақылау барысы Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде) Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында) Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды) Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) Суықторғайлар немен коректенеді? (өсімдіктер дәндерімен) Зерттеу жұмысы Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? Еңбек Ойын алаңын қардан тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты».<br>Мақсаты:аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. | түлей соқ боран. Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйірлсін, Ақ бораны гуледі. Ауламызға үйілсін. Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбаймын суықтан. Қардан жасап аққала, Сырғанаймын шаттана. Тәрбиеші сұрақтары: Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы) Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр) Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады) Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде | парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?) Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек** Қардан қала тұрғызуға қар жинау. **Мақсаты:** Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын** «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер) Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды) Көліктердің қандай пайдасы бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. **Еңбек**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>Мақсаты:Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Желдиірмен».<br>Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.<br>Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту.<br>Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен). | | (адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)<br>Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? (таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)<br>Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (Жүк машиналары) ♦<br>Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ♦<br>Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек? Еңбек<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>Мақсаты : — бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; — жылдамдық пен күштерін есептей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | білуге үйрету. **Қимылды ойын** «Бағдаршам». Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимылқозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру . Мақсаты: Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету |
| **Серуеннен оралу** | | | «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» **Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Киімдерін әдемі жинап шкафқа орналастыр** | **«Менің Қазақстаным» (Өлеңді жаттау)** Мақсаты: Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру,Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** |
| **Түскі ас** | | Ұқыптылық дағдыларға Балаларды үйрету, алақандарды ысқылау, сабын орнына қою. | Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | **Бата беру** Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. | Тағамды асықпай жеу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әдістемелік әдістер.<br>«Мойдодыр» алгоритмін қарастыру | | Өміріңе не тілесең,<br>Тілегің қабыл болсын! | |
| **Күндізгі ұйқы** | | Киімдеріңұқыптыорындыққаіліп (немесеарнайысөреге) қоюдыүйрету. | «Бесік жырын» тыңдату | «Әлди –әлди ұйықтайғой» | «Әлди –әлди ұйықтайғой» |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | | Балапандар тұрайық,<br>Көзімізді ашайық.<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | «арқа» жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу | Ауыр тастар көтеру». Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру | доп арқылы массаж жасау |
| **Бесін ас** | | Асын асын асына<br>Береке берсін басына<br>Қырғауылдай қорғалап<br>Қыдыр келсін қасына | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | **Бата беру**<br>Дастарханың бай болсын.<br>Қазан-ошағың май болсын.<br>Төрт түлігің сай болсын.<br>Көңілің толып жай болсын! | **Бата беру**<br>Дастарханымыз майлы,<br>Көңіліміз жайлы болсын.<br>Өміріңе не тілесең,<br>Тілегің қабыл болсын! |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **"Аппақ қар".**<br>**Міндеті:** балаларды "Аппақ қар" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, табиғатты көркем бейнелеген сөздерді мұқият есте сақтауға үйрету.*(қоршаған ортамен танысу, танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)*<br>**«Ұзын құлақ сұр қоян»**<br>Бірнеше бөліктерден тұратын | Фотосуреттер қарастыру «Дәрумендер»<br><br>Кір қоймас» мультфилімін тамашалату. Автор сөздерін айту, кейіпкердің мінезін беруді үйрету.<br>**(көркем әдебиет)** | **Ойын**: Дәл сондай пішінді тап.<br><br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету. Спорттық ойын құралдарының қандай пішінге немесе денеге ұқсайтынын анықтау, салыстыру. | **«Аққала соққан бала»**<br>Мақсаты:<br>Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру.<br>Аққаланы мүсіндеуге үйрету.<br>Ермексазбен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту | | **(математика негіздері)** | жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br><br>**(Вариативтік компанент)**<br>**Шырша ойыншықтары**<br>Балаларды жаңа жыл мерекесіне дайындалып,өз қолдарымен жасаған ойыншықтарын шыршаға іліп іске асыруға үйрету.<br>Қағазды бүктеу тәсілі арқылы жаңа жыл ойыншықтарын жасап үйрету.<br>Өөз еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу<br>Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Төреңұр** Сурет бойынша шағын әңгімелер құрастыруда қиналады,әңгімені мұқият тыңдайды бірақ кері байланыс толық жасамайды. | **Алихан** Көп,біреу ұғымын біледі.Геометриялық пішіндерді таниды.Оң,сол ұғымдарын шатастырады. | Данияр Отбасы мүшелерін атап айта алады,заттарды қолдана алады,кезекшілікті аткарады,ҚР туын таниды суреттеп айта алмай шатасады | **Нұрқасым** Негізгі қимылдарды орындайды,сапта өз орнын табады,жаттығуды толық нақты орындамайды. |
| **Серуенге дайындық** | | **Мақсат-міндеттер:** ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; | Балалармен жеке әңгімелесу. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. |
| **Серуен** | | **Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты». Мақсаты:аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. | **Қимылды ойын** «Желдиірмен». Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту. Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен). | **Қимылды ойын** «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. Ит қарға аунаса, карлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады | **Қимылды ойын** «Бағдаршам». Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимылқозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру . Мақсаты: Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.<br>Ата-анаға:<br>«Балалаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?<br>Кеңес:<br>«Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?». | | | | |

| | |
|---|---|
| | Ата-анаға:<br>«Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба? |

Тексерді әдіскер_______________